

БЮДЖЕТТІҢ ӘРБІР ТИЫНЫ УАҚЫТЫЛЫ ӘРІ САПАЛЫ ИГЕРІЛУІ КЕРЕК



(соңы, басы 1-бетте)

Аймақ басшысы Қармақшы ауданының әкімі Әділбек Ерұсұлтанов пен Қызылорда қаласының әкімі Асылбек Шаменов ескерту жасап, қала, аудан әкімдеріне барлық қаражат толық, сапалы және уақытылы игерілу мақсатында заңға сәйкес тауар жеткізушілер және мердігерлермен тиісті жұмыстар жүргізуді тапсырды.

Жиында жыл ішінде бюджетті нақтылау барысында облыстың бюджет көлемін республикалық трансферттер және өз кірістері есебінен ұлғайту барысы талқыланды. Быыл облыс бюджеті 520,7 млрд. тенгеге бекітілді, оның ішінде субвенция көлемі 2022 жылғы 184,2 млрд. тенгеден 2023 жылы 400,5 млрд. тенгеге яғни 2 есеге көбейді.

Қазіргі таңда облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы бойынша республикалық бюджеттен қаржы-ландыруды талап ететін құны 35,6 млрд. тенгені құрайтын 81 жоба, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша 14,8 млрд. тенгені құрайтын 27 жоба және облыстық құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармасы бойынша 17 млрд. тенгені құрайтын 55 жоба қаржыландыруға ұсынылған.

Басқарма басшылары әрбір жоба бойынша жүргізілген жұмыс барысын баяндады. Аймақ басшысы 2023 жылғы республикалық бюджеттің нақтылануы барысында аталған жобаларды толық енгізіп, 2024 жылға арналған республикалық бюджетті қалыптастыруда бюджеттік өтімділерді мерзімінде ұсынуды тапсырды.

Облыс әкімі ең алдымен бюджет қаражаты жол, жарық, ауыз су желілерін тарту мәселелеріне, білім, медицина, спорт кешендерін салу ісіне арналатынын жеткізді.

Өткен аптада жауын-шашын әсерінен қаланың және елді мекендердің кейбір аумағында жарық өшіп, халық әбігерге түсті. Менің тапсырмамен жедел комиссия құрылып, мамандар қауіпсіздік мәселелерін анықтап, қосалқы станциялардың жағдайын зерделеп келді. Ең бірінші жөндеуді қажет ететін қосалқы станцияларға шамамен 1,6 млрд.тенге қаржы қажет екен. Әрі қарай екінші кезеңде жасалуы тиіс жұмыстарға 1,5 млрд.тенге қаржы керек. Бұл мәселелерді шешу үшін республикалық және жергілікті бюджет есебінен қаржы бағыттауға жұмыс жасаймыз. Себебі халыққа аса қажетті жарық мәселесі жылдам шешілуі тиіс. Орын алған оқиғалардан кейін қала, аудан әкімдері өз аумақтарындағы қосалқы жарық станцияларының жағдайына талдау жасап, жөндеу жұмыстарын жүргізуге әрекет етуі керек,- деді Н.Нәлібаев.

Жиын барысында облыс әкімі күннің суыта бастауына байланысты қоймаларда көмір қорының жеткілікті болуын, жылудың үздіксіз берілуін және азық-түлік бағаларының тұрақты болуын және тазалық жұмыстарына күнделікті қадағалауды тапсырды. Сондай-ақ, егін егу мәселелерін ертерек жоспарлап, бақша өнімін егуге ынталы ауыл азаматтарына жер бөлу жұмыстарына жеткілікті деңгейде мән беру қажет екенін алға тартты. Мұнан бөлек, Сырдария өзенімен облыс аумағына келіп жатқан су көлемінің артуына байланысты жауапты сала басшыларына Шардара су қоймасынан босатылатын су көлеміне тұрақты түрде бақылау жасап, мол суды қауіпсіз өткізу мақсатында Аралға, облыс аумағындағы магистралды каналдар мен көлдер жүйесіне су толтыру шараларын жалғастыруды міндеттеді. Жиында мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің өткізілуі барысы туралы хабарлама жасаған облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Бауыржан Шаменов негізгі ерекшеліктерге тоқталды. Бұдан былай аудан және қала әкімдері мемлекеттік сатып алу конкурстарын ұйымдастырмайды. Мемлекеттік сатып алу рәсімдері толықтай орталықтандырылып, басқарма арқылы жүргізіледі.

Облыс әкімі басқарма басшысына мемлекеттік сатып алу заңнамасына енгізілген өзгерістер мен саладағы өзге де мәселелер бойынша тоқсанғына бір реттен кем емес негізде тапсырыс берушілер үшін семинарларды ұйымдастыру және бірінші кезекте өткізілуі тиіс мемлекеттік сатып алулар бойынша жеңімпаздарды анықтауды заң шеңберінде уақытылы әрі сапалы үйлестіруді тапсырды.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы № 1625 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына және «Қызылорда облысы Қызылорда қаласының бас жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 шілдедегі № 1087 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 маусымдағы № 374 қаулысына сәйкес, сондай-ақ «Қызылорда облысының құрылыс, саулет және қала құрылысы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 04-03/2672 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелерінен Қызылорда қаласы, Ақмаржан шағын ауданы мекенжайында орналасқан көсіпкерлік мақсаттар үшін, ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін жалпы көлемі 2569,0 (екі мың бес жүз алпыс тоғыз) шаршы метр жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мектеп құрылысы аумағын ұлғайтуға байланысты осы қаулының қосымшасына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2023 жылғы 12 сәуір болып белгіленсін.
3. Меншік иелері мен мемлекеттік емес жер пайдаланушылар жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Мұстафа Шоқай көшесі, № 147 үй, № 21 кабинет болып белгіленсін.
4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жер қатынастары бөлімі» және «Қызылорда қаласының ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемелері заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
5. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.
6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

А. Шаменов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2023 жылғы «9» қаңтардағы № 1625 қаулысына қосымша

№	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесінің аты-жөні	Көлемі, шаршы метр	Нысаналы мақсаты
1	10-156-022-3201	Байменова Жумагуль	1068,0	кәсіпкерлік мақсаттар үшін
2	10-156-022-3202	Байменова Жумагуль	1000,0	кәсіпкерлік мақсаттар үшін
3	10-156-022-3200	Байменова Жумагуль	301,0	кәсіпкерлік мақсаттар үшін
4	10-156-022-3072	Букенбаев Орынбай Мылтықбаевич	200,0	ғимарат құрылысы және оған қызмет көрсету үшін
			2569,0	

Постановление акимата города Кызылорда № 1625 от 9 января 2023 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и Постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 июня 2019 года № 374 «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 17 июля 2009 года № 1087 «О генеральном плане города Кызылорды Кызылординской области», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Управление строительства, архитектуры и градостроительства Кызылординской области» № 04-03/2672 от 15 декабря 2022 года, акимат города Кызылорда ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Начать принудительное отчуждение земельных участков или иного недвижимого имущества для государственных нужд в связи с изъятием для увеличения территории школы у собственников, расположенные по адресу: город Кызылорда, микрорайон Ақмаржан для предпринимательских целей, для строительства и обслуживания здания, общей площадью 2569,0 (две тысячи пятьсот шестьдесят девять) квадратных метров, согласно приложению к настоящему постановлению.
2. Датой принудительного отчуждения определить 12 апреля 2023 года.
3. Местом обращения собственников и негосударственных землепользователей, определить: город Кызылорда, улица Мустафа Шокай, №147, кабинет №21.
4. Коммунальным государственным учреждениям «Кызылординский городской отдел земельных отношений» и «Кызылординский городской отдел внутренней политики» акимата города Кызылорда в установленном законодательством порядке принять меры, вытекающие из настоящего постановления.
5. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.
6. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда

А. Шаменов

Приложение к постановлению акимата города Кызылорда от «9» января 2023 года № 1625

№	Кадастровый номер земельного участка	Ф.И.О. собственника	Площадь, га	Целевое назначение
1	10-156-022-3201	Байменова Жумагуль	1068,0	для предпринимательских целей
2	10-156-022-3202	Байменова Жумагуль	1000,0	для предпринимательских целей
3	10-156-022-3200	Байменова Жумагуль	301,0	для предпринимательских целей
4	10-156-022-3072	Букенбаев Орынбай Мылтықбаевич	200,0	для строительства и обслуживания здания
			2569,0	

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ:

Арал ауданы

ДАРИЯ ДЕҢГЕЙІ БАҚЫЛАУДА

Арал ауданы әкімінің орынбасары Еркін Әбішев жұмыс сапарымен дария бойындағы ауылдық округтерде болып, өзен бойындағы ахуалды бағамдады. Қазіргі таңда күннің суытуына байланысты Сырдария өзенінің бойында мұз ұстасуда. Осыған орай жоғары жақтан келіп жатқан мол суды Кіші Арал теңізіне жіберу және су тасқынының алдын алу бойынша Сыр бойындағы елді-мекендердің жай-күйін саралады. Сондай-ақ іс-сапар барысында аудан әкімінің орынбасары Е. Әбішев сыр беткейдегі каналдар мен көлдердің де бүгінгі жағдайын көріп, Төтенше жағдайдың алдын алу бойынша тиісті ауыл әкімдеріне тапсырма берді. Айта кетейік, қазіргі таңда, Басықара су тоспасынан төмен қарай секундына 200 текше метр су түсуде. Аталған мол суды Кіші Арал теңізіне жіберу жұмыстары жүргізілуде. Сырдария өзенінің ахуалы аудан әкімдігінің тұрақты бақылауында.

Қазалы

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА ҚАЙЫРМДЫЛЫҚ ЖАСАДЫ

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД-ға қарасты Қазалы аудандық пробация қызметі жаңа жылды қайырымдылық көмек көрсетуден бастады. Аудандық пробация қызметінің бастығы әділет подполковнигі Е.Сражатовтың айтуынша, қайырымдылық көмек «Нұрай» құрылыс дүкенінің демеушілігімен 7 отбасыға көмек көрсетілді. Есептегі жеті азаматта тұрмыс жағдайы төмен, көпбалалы отбасылар.

- Оларға бірінші кезекте қажетті ұн, картоп, күріш, пияз және өзге де азық-түрлері таратылып берілді. Былтыр да қайырымды жандардың демеушілігімен 15 отбасыға көмек берілген. Жеке кәсіпкерлер тарапынан осындай игі істер жиі ұйымдастырылып тұрады. Алдағы уақытта қайырымдылық шаралар жалғасын табатын болады» деді Ербол Сражатов.

«Көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созып, жақсылық жасау – әрбір адамның борышы, яғни аз қамтылған және қамқорлыққа мұқтаж жандарға көмек ұсыну, сауабы мол іске атсалысу – әрбір адамның азаматтық парызы. Есептегі азаматтардан басқа да тұрмыс жағдайы төмен аудан тұрғындарына қолымынан келгенше көмек көрсетемін», - деді жеке кәсіпкер.

КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫ ЖАЛҒАСУДА

Қаңтар айының алғашқы аптасында ауа райының қолайсыздығынан қаланың және аудандардағы елді мекендердің кейбір аумағында жарық өшті.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өткізген шұғыл жиыннан кейін құрылған арнайы комиссия өз жұмысын бастаған еді. Комиссия мүшелері қала аумағындағы бірнеше нысандарға барып, қосалқы станциялардың жағдайына бақылау жасады.

Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов, қала әкімі Асылбек Шаменов, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов және Қызылорда электр тарату компаниясының басшысы Батыржан Қаракөзов 20-ға жуық қосалқы станцияны аралап көріп, әрбіріне талдау жүргізіп шықты.

Комиссияның негізгі мақсаты – аймақтағы кезек күттірмейтін уақыткерлі анықтап, жөндеу жұмыстарын дер кезінде ретке келтіру.

Қызылорда облысы бойынша «ҚРЭК» АҚ теңгерімінде 10 мың шақырымнан астам электр желілері мен 1800-ге жуық қосалқы трансформаторлық станциялар бар. Бүгінгі таңда осы электр қондырғыларының 70

пайызының тозығы жеткен. Алдын ала есептемелер бойынша электр жүйелерінің тозу деңгейін 70 пайыздан 30 пайызға төмендету үшін 153 млрд. тенге қаржы қажет. Бұл мәселе облыс әкімі тарапынан Үкімет басшысының назарына жеткізіліп, қолдау табылды.

Бүгінгі таңда комиссия ең бірінші қажеттіліктегі қосалқы станцияларды жөндеуге қаржы бөлу үшін бюджеттік комиссияға ұсыныс ету жұмыстарымен айналысуда. Сала мамандары әрбір қосалқы станциялардың жағдайын саралап, ақау актілерін әзірлеуге кірісті.

Комиссия жұмысы келер аптаға дейін жалғасуда. Нәтижесімен облыстық және республикалық бюджеттен қаржыландыруға ұсынылады. Айта кетейік, өңірде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында құны 3,4 млрд. тенге болатын Жаңақорған кентіндегі электр желілерін жаңғырту жобасын бастауға быыл 900 млн тенге бөлінді. Барлығы 300 шақырым электр желілерінің 70 шақырмы ауысып, 23 қосалқы станциялар орнатылды.

АЗАМАТТЫҚ ХАЛ АКТІЛЕРІН ТІРКЕУ СЕКТОРЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ

Құрметті қала тұрғындары! Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөліміне» қатысты азаматтық хал актілерін тіркеу секторы халыққа мемлекеттік қызметтің 8 (сегіз) түрлерін көрсетеді: (қызмет көрсету бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 820 бұйрығымен бекітілген Қағидаға сәйкес көрсетіледі)

1. Бала тууды мемлекеттік тіркеу, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға, әке (ана) болуды анықтауға, ұл (қыз) баланы асырап алуға байланысты тууды мемлекеттік тіркеу;
2. Некені (ерлі-зайыптылық) мемлекеттік тіркеу, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу;
3. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу мемлекеттік тіркеу, атын, әкесінің атын, тегін ауыстыруға байланысты некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу;
4. Қайтыс болуды мемлекеттік тіркеу;
5. Азаматтық хал актілерінің жазбаларын қалпына келтіру;
6. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу туралы қайталама куәліктер, анықтамалар беру;
7. Азаматтық хал актілеріне өзгерістер, толықтырулар мен түзетулер енгізу;
8. Азаматтық хал актілерінің жазба-

ларын жою;

Мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін жетілдірудегі негізгі мәселелердің бірі – олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету арқылы халықты электрондық форматта қызмет алуға ынталандыру болып табылады.

Осыған байланысты, «Электрондық үкімет» веб-порталы www.egov.kz арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті АХАТ бөлімінің (Айтеке би 21 ғимараты) ішінде қызмет алушыға толық мүмкіндік қарастырылған.

Сонымен қатар, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне ҚР 2022 жылғы 14 шілдедегі №141- VII Заңмен 13-баптың 2-тармағының бірінші бөлігіндегі яғни неке киюды (ерлі-зайыпты болу) некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірушілер тіркеуші органға өтініш берген күннен бастап «бір ай мерзім» деген сөздер «күнгізбелік он бес күн» деген сөздермен ауыстырылды. Осыған сәйкес, ағымдағы жылдың тамыз айынан бастап некеге отыруға өтініш берген азаматтардың некесі он бес күнде тіркелуде. Алдағы уақытта халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуді электрондық форматта орындауға жұмыс жасалатындығын жеткіземіз.

Н. Ескараева,
АХАТ секторының меңгерушісі

МҰСЫЛМАН БОЛУ ҮШІН АРАБ БОЛУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Адамзат баласы үшін тіл қандай өзекті болса, дін де соншалықты нәзік дүние. Қазіргі біздің басты байлығымыз ал біздің Тәуелсіздігіміз. Қазақтың болашағы – қазақтың қолында. Қазақтың жерінің де, тарихының да, дәстүрінің де иесі қазақ.

Десе те ортақ мүддеге біріккен көпұлтты мемлекет екеніміз де рас. Бірақ қазақ алдымен өзін-өзі тануы керек, сонау заманнан келе жатқан ата-дәстүрін, кісілік келбетін, бастысы тілі мен дінін жете түсінуі қажет. Қай ұлт болмасын өзінің ата-бабасы салып кеткен ізін жалғастырып, оны ұрпақтан ұрпаққа аманаттап отырады. Ондағысы ұлттық қодының қарашығындай сақтауында жатыр. Яғни ол дегеніміз ұлтымызға тән асыл қасиеттердің жиынтығы. Соның бір парасы дін. Діннің қасиетін айшықтап жатпасақ та қасиетті екені түсінікті. Дін адамды парасаттылыққа, адамгершілікке, қайырымдылыққа, төзімділікке, ұстамдылыққа, қадірлеуге, сыйласуға, ел мен елдің арасын жақындатуға, табыстыруға қызмет ететін үлкен күш. Жаратушының құдіреттілігін білдіретін үлкен ілім. Адамзат баласы пайда болғаннан бастап, дін де бірге жасасып келеді. Қанша ұлт пен ұлыс болса, олардың тілдері секілді діндері де сан түрлі. Көбіне алауыздық діннен келіп, одан онык жейтін халық аз емес. Мұны біз тарихтан жақсы білеміз. Сондықтан да, ең алдымен, бізге керекті діннің беріктігі. Дін – ұстай алсан қасиетін, ұстай алмасаң қасиетің болады. Қасиетін қадірлей алмаған ел қасіретке ұшырайды. Ал дін дегеніміз рухани азық. Қазақ халқы қаншама қасіретті бастан өткерсе де өзінің тілі мен дініне берік болды. Иә, Алла дінді адам үшін жаратқан. Дінді қастерлейтін де, қадір-қасиетін қашыратын да, берекесін кетіретін де – адам. Жан-жағымызға мойын бұрып қарайтын болсақ, жас жігіттердің

сақалдарын өсіріп, уағыз айтып жүргенін көреміз. Оның ішінде бет аузын тұмшалап алған нәзік жандыларды да көруге болады. Уағызын тыңдайтын болсаң өлім туралы. Жалпы саналы адам тұмақ барда өлмек барын жақсы біледі ғой. Өлімді уағыздап, жас өсіп келе жатқан ұрпақты олай тұншықтырудың қажеті қанша?! Дінді дұрыс насихаттай білу керек. Әйтпесе, ол қасіретке ұшыратуы ғажап емес. Ақыры келетін бір өлім екен ғой деп жас өмірін өлімге тіге салмасына кім кепіл? Қарап отырсаңыз, бүгінгі күні кім қандай дін ұстанамын десе де еркі. Соның кесірінен көптеген отбасылар зарлап шегіп отыр. Баласы ата-анасына қарсы шығып, ата-анасы баласынан бөзініп жатқан жайлар аз емес. Біле білгенге бұл исламның жолы емес. Батыр Бауыржан Момышұлының келіні Зейнеп Ахметова апайымыз біз сөзінде «Қазаққа мұсылман болу үшін араб болудың керекі жоқ» дегені бар. Ондағысы қазақтың тұмшаланып алғанын

көріп, күйгеннен айтқаны еді. «Неге бізге арабтың бүкіл дәстүрін, киімін, ішіп-жейтінін алып келіп тықпаштайды. Соншалықты керемет діншіл, керемет мұсылман болатын болса, неғып 20 жылдан бері бірін бірі қанға бөгеп жатыр. Діні бір, тілі бір, тегі бір соның өзінде араб әлемі бүліншіп жатыр. Олай болатын болса қазақтың арабтан үйренетін ештеңесі жоқ. Көпшілігі қателесіп жүр. Мысалы мен құдайға шексіз сенемін, бірақ мен араб болғым келмейді. Арабтың салтын да дәстүрін де ұстағым келмейді. Олар әйтеуір сақал қоюы керек, хиджап киюі керек сонда оны мұсылман дейді. Оның бәрі сыртқы көрініс, бутафория былай айтқанда. Мен атаның қолына келген кезімде бар-жоғы 25 жаста болатынымын. Сонда баламыз үш жаста, әйтпесе мен де университет бітірген, телестудияда қызмет істеп жүргенмін. Атаның қолына көшіп келген кезімде менің басым жалаңбас болған жоқ. Өйткені бізге үлкенді сыйлау, «атаңның алдында ербенеңді жалаңбас жүрме» деп аңыздың құлағымызға сіңіргені бар. Мен атамның алдында ешқашан жалаңбас, сирағым сидып жүрген емеспін. Орамал салсаң мұсылман боласың, орамал салмасаң көпір

боласың деген сөзіміздің өзі қызық. Сүндетке отырманың бәрін кәпір дей салады. Ал мұсылман дінін ұстанбайтын, бірақ та сүндетке отыратын ұлттарды естейсің. Мысалы еврейлер. Ал сонда қалай? Сонда кәпір деген кім? Менің түсінігімде кәпір деген құдайға сенбейтін, сауапты іс жасамайтын, кінәні мойындамайтын, кешірім сұрауды білмейтін, арамаға қол созатын адам – кәпір. Ал бұл барлық ұлтта бар. Мұсылмандық деген адамның ішкі жан-дүниесінің тазалығы, құдайды өз жүрегімен мойындауы, айналасына қамқорлығы, ата-анасына мейірімді. Өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, суын ішіп отырған табиғатқа жанашырлығы. Мұсылмандық деген адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы, осының бәрі жиналып келгенде адамның имандылығы», - дейді жазушы Зейнеп Ахметова.

Иә, қазақ халқы ислам дінін жоғары бағалайды. Себебі ата-бабамыз бес уақыт намазын қаса қылмаған, 30 күн орасын ұстаған. Ислам діні - отандық сүйеге, туған халқын қадірлеуге, ата салтын әспеттеуге, ата-анасын сыйлауға, ардақтауға үндейтін дін. Осы жолдан айнымасақ болғаны.

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ



ҚАУІП ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ тәрбие табалдырықтан басталуы керек

Теледидарды қосып жаңалық қарай қалсақ болғаны, түрлі дерлік оқиғаларды естіп, көріп, сол сәтте ана «онысы несі?» «бұл қалай болғаны?» «өзімен кетсін», «беті аулақ» деген сынды немқұрайлылықпен қоя салатын күйге жеттік. Біреу біреуді өлтіріп қойса да «жазмышы шығар» дейтін болдық. Аяушылық жоқ...

Одан бұрын қорқу жоқ. Адамның адамға деген жанашырлығы аз. Тіпті қалмаған да сияқты. Өйткені жылқыш аның өзі өзінің төліне барынша мейіріммен қарайды. Ал адамдар да сондай қасиетке ие емес. Қыз бен ұл тәрбиеленіп өсіріп отырған әрбір отбасы ең алдымен баласының болашағына алаңдамай, оның бүгінгі қажеттілігіне қатты мән беретін секілді. Тіпті солай екенін де көзіміз көріп жүр. Қымбат киім, қымбат бұйым, ас та төк тоқшылық, осының барлығы дерлік адам баласын есіртіп, уақытынан бұрын есейтіп те жіберетіні сөзсіз. Алғашқы жылдары теледидардағы хабарлардың көңіл құлазығатын тұстарын көріп, айналымға, жақын-жуықтарымызды бір түгендеп, жан-жағымыз ондай бәлекеттерден таза екеніне шүкіршілік етіп отырдық. Сыртта болып жатқан сұмдықтар расында жаға ұстатарлық әрі қазақы болмысымызға жаттын. Солардың ең сорақысы бауыр еті баласын тастап кеткен көке аналардың көбейгендігі. Бұрындары мұндайды естімейтін едік, ал қазір «аязда үсіген, дәретханада қалған, итке жем болған тастанды нәрестелер» саны артып барады. Өз құрсағынан шыққан шаранасын үйінен шыққан коқысты лақтырып жатқандай, далаға қалдырып кетуі ғасырдың дертіне айналып кеткендей. Бұл дегеніміз зинакорлықтың көбейгені деген сөз. Мұндай кері кету қазақ ұлтында бұрын болмаған еді, естімеген де едік...

Көкек ана қайдан шығалды? «Қызға қырық үйден тыю» деп қызды, «Жігітке жар қымбат, намыс пен ар қымбат» деп ұлды тәрбиелеп, оларды елдің қамын ойлар азамат етіп тәрбиелеу халқымыздың бұлжымас ұстанымы емес пе еді? «Махаббатсыз дүние бос. Хайуанға оны қосыңдар деп» Абай ағамыз айтқандай жастар арасындағы махаббат деп аталатын пок, ұлы сезімді қадірлеу, құрметтеу кеңестік кезде де бір сәтке толастамаған. Қаншама кинолар көрсетіліп, қаншама кітаптар жазылып, театрларда пьесалар қойылатын. Радио әр отбасының асханасында ас дайындап жүрген аналардың, қыз-келіншектердің құлағына тәлім-тәрбиелік әңгімелерді майын тамызып құятын.

Үйдегі ата-ана бойжетіп келе жатқан қызына ешнәрседен бөйім салуға жарамаса, мектептегі мұғалім тәлімін тыңдағалмаса, бұл мемлекет тарапынан ширек ғасыр бойы бетімен жіберілген көрсетілмдерге шектеу қоймай, ұлттық құндылықтарымызды қор-ғайтын әрекеттерге бармай келгендігінің көрінісі емес пе? Осы кеткенімізбен кете берсек, бұл – қазақ қоғамына төнген қауіп қой!!!

Әкесі мен ағасынан қаймығатын, анасы мен жеңгесінің өзін тыңдайтын қазақтың қарақозы бүгінде бәрінен тәуелсіз. Күндегі көк жәшіктен, ғаламтордан еш тыйымсыз көрсетіліп жатқан шетелдік көріністерге еліктеген қарақоздеріміз көйлегінің етекін ғана емес, ақыл-ойын да қысқартып тастады. Ұлына ұлағатын, қызына қылықты нәрсе үйрететін ата-ананың дені далада тиришілік қамымен жүр. Сондықтан болар олар баласының күнделікті не істеп жүргенінен бейхабар. Көргенін жасауға ынтық жас-тар бұл күнде не істемеді, қыздар шашын тақырлап, ерніне, төсіне, жұмбақсына силикон жасатты. Түнгі клуб кезіп, жынды су ішкен бойжеткен есінен ғана емес, абыройынан да осылай оңай айырыла салды. «Дамып кеткен» шетелден осындай жекбайлықты үйренген жастардың бұл дерті уақыт озған сайын асқынып барады. Күні кеше Астана телеарнасында «Тастанды сәбилердің тағдыры» деген тақырып «Кеш емес» бағдарламасында талқыланды. Бағдарлама барысында ҚР Мәдениет қайраткері Қымбат Әбділдақызының ашына айтқан мына сөзіне бей-жай қарай

алмадым. «Бізді жаратушы иеміз қазақ қылып, мұсылман етіп жаратқан. Еуропа етегін ашып жүр, көшеде бірімен бірі сүйсініп тұр, қалауы бойынша азаматтық некеге тұрып, жүргісі келсе жүріп, жақсы келсе жатады екен деп, соның бәріне еліктеген қазақ жастары кім боларын білмей қалды қазір.

Ал соның нәтижесінде бетін шымшып, ұят болды-ау дейтін, қызым сен ертен от басын мен мына дүниеде де, ана дүниеде де сен үшін жауаптымын. Қыз дегеннің ғұмыры бәйшешектің ғұмырындай ғана, сол уақыттан аман өт қызым. Сен жамандыққа ұшырасаң, туған әкене, бауырларыңа, ең бірінші ағайынына сенімен қоса бетім күйетін менмін. Тірі жүрсем басымды көтеріп жүргізі, өлсем көрде тыныш жатқыз, сенің тәрбиені менімен қоса айтылады қызым, сен қонақсыз қызым дейтін аналарды тауып беріңіші...». Аңда-саңда берілетін мұндай хабарлар қоғамымызда орын алған осы қасыретке арашашы бола ала ма? Билік басындағылар мұны көре ме екен?

Ғылыми прогрестің дамыған заманында көзді ашып-жұмғанша қолыңдағы алақандай құрылғыдан барлық жаңалықты көре аласың. Ғаламтор желісі бүкіл жаһанда не болып жатқанын хабарлар етеді. Үлкен-кіші бірдей әлеуметтік желілерден бас алмай, түрлі сайттардан өздеріне қажетті нәрсені тауып ала қояды. Өзіндік пікірлерін жазып, бейнебаянын жүктетеді. Не керек, бүгінгі күні барлығы да қолжетімді. Бірақ... Бірақ, осындай пайдалы дүниені жағымсыз әрекеттермен тоқтырып отыратын жаңдар жетерлік. Қазақ десең өзіңе тиесі. Далада қалған сәбилдің шырбылын естігендер бірінші сәбилді құтқаруға асықпайды. Ең алдымен оны ұялы телефондарына түсіріп, бүкіл ел көретін ғаламторға жүктетеді. Сонан соң ғаламтор бесенділері оны талқыға салады, қарғап-сілеп, болған жағдайды түрлі-түрлі етіп тараға бастайды. Ойнақтап жүріп от басқан да қазақ, оны әлемге әшкере етіп отырған да қазақ. Қазақты қарғап, қызына қырық үйден тыйым сала алмай отырған да қазақ. Көрдіңіз бе? Бүгінгі қазақ қоғамының тәрбиесі қандай? Айтпағым, ғаламторға өзімізді жаһанға жаман жағымсыздан көрсетуімізге тырыспайықшы. Тіпті былай қарасақ, онда жас балалар

отырады. Олардың санасына мынандай сорақы көрініс қандай әсер қалдырады? Жарайды делік, теледидардағы жаңалықтарда көрсетілді, бірақ оны ғаламторға кім болса сол көрсін деп қойғанымыз дұрыс па? «Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы» дейтін қазақ ұлты осындай ма еді деп басқа ұлт күлмей ме? Далада тастанды болып қалып жатқан қазақ баласы ғана, өйткені көретініміз де естітініміз де осы. Басқа ұлттың миға сыймайтын жағ әрекеттерін көріп денеміз түршігетін еді, міне, бұлар еті баласын аямаған қазақты да көрдік. Тәлім-тәрбиенің таяздығынан шығар, мүмкін қойдай момындығымыздан болар, әйтеуір басы бәледен арылмайтын қазақтың бұл асқынған дерті болып отыр.

Қасиетті деген атқа лайық қазақ ұлты жақсысын асырып, жаманын жасыратын еді. Бұл жерде мен мынадай жексұрындықты жасырып қал деген ниетте айтып отырғаным жоқ. Мұндай қасыреттің алдын алу керек. Ахмет Байтұрсынұлының «Айна мен маймыл» деп аталатын мысал-өлеңі бар. Айнаның қарсы алдына барған маймыл айнадан өз бейнесін көреді де, жанында тұрған аюды аяғымен түртіп қалып: «Мына ұсынысыз перін кім? Он екі мүшесінің бірі оңды емес. Мен бұған ұқсас болсам, ішіме пышақ салып өлер едім...», - дейді. Сонда аю: «Маймылжан, өзіңе-өзің мұқият қарашы әуелі!», - депті. Ағартушы бұл мысалмен орынды мін айтпаса, соған қарап мінез-құлық, тәрбие түзелсе дегенді менейді.

Сондықтан да мезгілді күйіп тұрған мәселесі жастардың жасаған қылмысын әшкере етіп, орынсыз мін таға бергенше, әуелі тәрбиені мемлекеттік тұрғыда баса назар аударған жөн болар еді. Өйткені ата-ананы да, мектепті де, жастарды да тәрбиелейтін Қазақ Елі деген мемлекет. Ол еліміздің сыртқы күштерден, ұлтымызға жат мәдениеттерден тәуелсіз болды дегеніне де биыл 30 жылдан асты емес пе?! Оларға үкімет тарапынан және қоғамдастықтан тосқауыл қоймай осылай кете берсек, енді бір жылдан кейін ұлттық мемлентіміз түгілі, адамдық келбетімізден де айырылып қалуымыз мүмкін.

Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

МӘМС

2023 ЖЫЛЫ МӘМС ҮШІН АУДАРЫМДАР МЕН ЖАРНАЛАРДЫҢ СОМАСЫ

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде сақтандыру мәртебесінің міндетті шарты – «МӘМС туралы» Заңның 26, 27, 28-баптарына сәйкес жарналар мен аударымдардың болуы. «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес 2023 жылғы ең төменгі жалақы мөлшері 70 мың теңгені құрады. Ағымдағы жылы МӘМС үшін аударымдар мен жарналардың сомасы жайлы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов жауап берді.

2023 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушілердің жұмыскерлер үшін аударымдары 3% - ы құрайды, аударымдардың ең жоғары сомасы 21 000 теңгеден аспауы тиіс. Бұл 10 айлық есептік көрсеткішінің 3% - і болып саналады.

Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт (АКС) бойынша жұмыс істейтін қызметкерлер мен жеке тұлғалардың жарналары 2023 жылғы табыстарының 2% құрады. Жарнаның ең жоғары сомасы 14 000 теңгені құрайды. Бұл 10 айлық есептік көрсеткішінің 2% - і болып саналады.

Жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатындардың жарналары 2023 жылғы 4 900 теңгені немесе 1,4 АЕК-нің 5% құрады. 2023 жылы бірінші жиынтық төлем (БЖТ) сомасы 1 айлық есептік көрсеткішке тең болады, бұл республикалық, облыстық маңызды бар қалалардың тұрғындары және Астана үшін - 1 АЕК (3 450 теңге), ал басқа елді мекендердің тұрғындары үшін - 0,5 АЕК (1 725 теңге) құрады.

Дербес төлеушілер үшін жарна сомасы да 2023 жылы өзгерді және 3 500 теңгені (1 ең төменгі жалақының 5%) құрады.

Мемлекет 15 жеңілдік санатына кіретін азаматтар үшін төлем жасайды. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап азаматтардың жеңілдікті санатындағы 1 адамға жарна мөлшері мемлекет жарналарын есептеу объектісінің 1,8% құрайды. Бұл мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган айқындайтын ағымдағы қаржы жылының 2 жылының алдындағы орташа жылдық жалақы.

81 МЫҢНАН АСТАМ АҚАУ АНЫҚТАЛДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сарапшылары мемлекет тегін медициналық көмекті келіп берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) пакеті бойынша жеткізушілер көрсеткен қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізуді жалғастыруда.

2022 жылдың 11 айында халыққа медициналық көмек көрсету кезінде 81 155 түрлі ақаулар анықталды, медициналық ұйымдарға салынған айыппұл сомасы 1 млрд. 15 млн. теңгені құрады.

«ТМККК және МӘМС пакеттері бойынша Қор жеткізушілері халыққа көрсеткен медициналық қызметтер үшін ақы төлеу осы қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізілгеннен кейін ғана жүргізілетінін атап өткен жөн. Іс жүзінде көрсетілген және медициналық көмек көрсету стандарттары мен ережелерін, сондай - ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдарын сақтай отырып, құжатпен расталған қызметтерге ақы төленеді», - деп атап өтті «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Қор филиалының директоры түсіндіргендей, анықталған кемшіліктің ең көп саны жан басына шаққандағы нормативке кірмейтін, әрбір қызмет жеке төленетін консультациялық-диагностикалық қызметтерді көрсетумен байланысты. Жалпы құны 147,2 млн. теңге болатын 64 208 осындай ақаулар тіркелді. Сондай-ақ, амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде 8 335 ақау, тәулік бойы жұмыс істейтін көп бейінді стационарларда медициналық көмек көрсету кезінде 6 372 кемшіліктер анықталды.

МӘМС ҮШІН АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМДІ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ЖАСАУҒА ЖӘНЕ БІР ЖЫЛ БҰРЫН МӘРТЕБЕНІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Еске салайық, 2022 жылғы 5 қыркүйекте МӘМС - ға бір жыл бұрын жарналарды төлеудің жаңа тетігі басталды. Оны «сақтандырылған» мәртебесі бар, сондай-ақ жүйеге ешқашан төлем жасамаған немесе оны жүйесіз жасаған барлық дербес төлеушілер пайдалана алады.

Ең алдымен, төлем жасамас бұрын, мәртебенің және соңғы 12 айдағы төлемдердің болуын тексеріңіз. Мұны Qoldau-24/7 мобильді қосымшасы, Telegram-дағы SaqtandyruBot арқылы немесе eGov.kz электрондық үкімет порталындағы жеке кабинет арқылы жасауға болады. Үзінді көшірмеде әр ай үшін төлемдерді жеке-жеке көресіз. Егер сізде бірнеше төленбеген ай болса, олар үшін алдақайда аз мөлшерде төлем жасап, мәртебені алу тиімді болады. 2022 жылы дербес төлеушілер үшін жарналар сомасы 3 000 теңгені құрады (1 ЕТЖ-дан 5% (ең төменгі жалақы), 2023 жылғы 1 ЕТЖ-дан 5% 3 500 теңгені құрайды).

Мәртебені бірден алу үшін алдымен ағымдағы айға, содан кейін келесі 11 айға ақы төлем жасау керек. Мысалы, егер сізде 2022 жылдың тамыз айынан бастап төлемдер болмаса, онда 2022 жылдың тамыз айынан бастап төлемдерді бірден жасай аласыз. 12 айдағы жалпы сомасы 39 500 теңгені құрайды. Егер сізде 2022 жылғы төлем мүлдем болмаған болса, онда сіз 2023 жылға жарна салған тиімді. Мысалы, егер сіз қаңтар айында төлесіз, онда төлемдер 2023 жылдың қаңтар айынан желтоқсан айына дейін болуы керек. 3 000 теңге x 12 = 42 000 теңге.

Төлемді кез келген екінің деңгейдегі банк немесе банкетердің мобильді қосымшалары, жылдам төлем терминалдары немесе Қазпошта филиалдары арқылы жасауға болады. Жарналар әр ай үшін бөлек төленеді. Төлем жасау кезінде ЖСН, төлем енгізілетін ай мен жылды дұрыс көрсету маңызды. Сіз 12 айға төлемдерді бірден жасай алмайсыз, өйткені жүйе әр ай үшін төлемді бөлек оқиды. Жарналарды 3 жұмыс күні ішінде төлеуіңнен кейін жүйеге барлық төлемдердің түсуін және мәртебенің берілуін тексеру қажет. Төлем ұзақ уақыт бойы жүйеге түспесе, төлем кезінде кәте жіберілген болуы мүмкін. Қате жіберген кезде мәртебені жоғалтпау үшін сіз осы кезең үшін жарналарды қайтадан төлеуіңіз керек, ал қате төленген соманы қайтаруға қоюыңыз керек. Бұл «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына өтініш берген жағдайда жүзеге асырылады.

Алған мәртебеніңізді жоғалтпау үшін жарналарды ай сайын төлеуді ұмытпаңыз!

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Orbis Clinic» ЖШС-сі «Нұр-Сұлтан қаласы «Есіл» ауданы Тұран даңғылы мен Хусейн Бен Талал көшесінің қиылысы ауданы мекен жайында орналасқан ауруханасы бар медициналық қызмет көрсету орталығы құрылыстың 1-ші кезеңі» (сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз) жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі жобасы бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіні хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecorportal.kz> танысуға болады.

Барлық ескертулер немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында <https://ecorportal.kz>, 18 қаңтар және 7 ақпан (қоса алғанда) аралығында қабылданады.

Қосымша ақпаратты мына мекен-жайы бойынша алуға болады: Нұр-Сұлтан қ. Есіл ауданы, Тұран даңғылы 76 және +7 776 274 66 03 телефондары бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Orbis Clinic» сообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Центр медицинских услуг со стационаром», расположенный по адресу г. Нур-Султан, район «Есіл», район пересечения проспекта Туран и улицы Хусейн Бен Талал 1-очередь строительства. (Без сметной документации и наружных инженерных сетей)

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>. Все замечания и/или предложения принимаются в срок с 18 января – по 7 февраля (включительно) на Едином экологическом портале <https://ecorportal.kz>. Дополнительную информацию можно получить по адресу г. Нур-Султан, район Есіл, проспект Тұран 76 по телефонам + 7 776 274 66 03.



(09.01 - 15.01.2023)

Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)



Тілектер орындалатын апта. Сондықтан әрбір істі бастаған уақытта абай болыңыз. Өзгерісті тек жеке мақсатта ғана емес, сонымен қатар ресми мақсаттарда да қолдануға болады. Демалыс күндерісізді қызықтыратын кешке айналады. Дүйсенбі шаршағаныңызбен, апта бойы жылы болғын адамсыз.

Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)



Жиналған мәселелерді шешуге дайын болыңыз. Өз ұстанымдарыңызды нығайту үшін әрекет ету уақыты келді. Уақытты ұтымды пайдалана біліңіз. Ұжымдағы әріптестеріңізге лайықты әсер қалдыра отырып, өзіңізді дамыта түсіңіз. Демалыс күндері отбасыңызға көбірек көңіл бөліңіз.

Егіздер (21 мамыр-21 маусым)



Сізге маңызды шешімдер қабылдауға және олардың жемісін жинауға тура келеді. Бәрінен бұрын көптеген ойлап жүрген арманыңыз орындалады. Балаларға және басқа туыстарға әсіресе мұқият болыңыз, ашуланшақ мінезінде абай болыңыз. Демалыс күндері өзіңізге арнаңыз.

Шаыан (22 маусым-22 шілде)



Мансап сұрақтары өте қиын және ауыр болады. Бірақ сіз күтпеген қызықты ұсыныстар болуы мүмкін. Қарсылық танытпай, бәріне мүмкіндік берген жөн. Ерекше ауқымды жоспарларыңызды жүзеге асырыңыз. Болашаққа жоспар құрғанда достарыңыз бен туыстарыңыздың кеңесін елеусіз қалдырмаңыз.

Арыстан (23 шілде-22 тамыз)



Апта жұмыс пен бизнес саласындағы табысты істерге қолайлы. Басыларға ескертпейтін ақылды кеңестер сіздің мансаптық ұмтылыстарыңызға оң әсер етеді. Әріптестеріңізді сынаудан аулақ болуға тырысыңыз. Зияткерлік қабілетіңізді көрсетіңіз, басқалар оны бағалайды.

Биікеш (23 тамыз-22 қыркүйек)



Сізді жұмысбастылық басып кетуі мүмкін. Күтпеген жаңалық өзіңіздің жоспарларыңызды бұзуы мүмкін. Кейбір мәселелерді сіздің айналдырыңызда адамдар қосады. Маңызды тапсырманы орындағаннан кейін сіз басыларыңыздың алғысына не боласыз. Демалыс сіз үшін сәтті және қуанышты болады.

Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)



Өмірдегі түбегейлі, бірақ оң өзгерістер сіздің қабілеттеріңізді дұрыс көрсете білуіңізге байланысты болады. Күш-жігермен сіз оларды ең жақсы жолмен көрсете аласыз. Сәттілік сіздің қолыңызға түседі, бастысы - жалқау болмау және мүмкіндікті жіберіп алмау керек. Денсаулық жағынан уайымдамасаныз да болады.

Сарышаян (23 қазан-21 қараша)



Жұмыста және шығармашылықта одан әрі жетістіктерге берік негіз құруға мүмкіндік болады. Сәттілік сіздің ұқыптылығыңыз бен адалдығыңызға негізделеді. Айналаңыздағы адамдардың сізді төмендетуге жол бермеңіз, шексіз ақкөңіл болмаңыз. Демалыс күндері демалуға арнаңыз, жұмсалған энергияны қалпына келтіруге тырысыңыз.

Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)



Сіздің жоспарларыңыз жүзеге аса бастайды. Жұмыс сіздің көп уақытыңыз бен күш-жігеріңізді алады, маңыздылығы жағынан ол бірінші орынды алады. Бұл кезеңде үйіңіз туралы ұмытпаңыз, заттарды ретке келтіріп, жақындырыңызға жайлылық пен береке жасау маңызды міндет болып табылады.

Тәуешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)



Еңбек – ең маңызды міндеттеріңіз бірі. Ұзақ уақыт бойы материалдық әл-ауқат сіздің жұмысыңыздың нәтижесіне байланысты болады. Кейбір жоспарларды өзгертуге тура келеді, өмір оларды өзінше реттейді. Бастысы денсаулыққа мән беріп, таза ауада ұзағырақ жүргеніңіз пайдалы болмақ.

Сүкүйгіш (20 қаңтар-18 ақпан)



Сізді таң қалдыратын нәрсе - ақша табу немесе жоғары жалақысы бар жұмысқа ауыстыру мүмкіндігі болмақ. Ұзақ уақыт бойы сізге түрлі қиындық тудырған адамдармен қарым-қатынаста бағыл болыңыз. Күмәндер мен сенімсіздіктерден бас тартып, мақсатқа қарай бағыл қадам басытын кез келді.

Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)



Маңызды күш-жігер кәсіби саланы қажет етуі мүмкін. Өзіңізді жалықтыратын жұмысқа жүктелмеңіз және өзіңізді қажетсіз шамадан тыс жүктелмеңіз. Ескі жақсы достармен кездесулер келе жатыр, бірақ шұғыл мәселелер туралы ұмытпаңыз. Демалуға және қарым-қатынасқа уақыт тапқан жөн.

2023 ЖЫЛЫ ҚАНДАЙ ЗАҢДАР КҮШІНЕ ЕНЕДІ

Биыл ел Парламенті қабылдаған бірқатар заң 2023 жылы 1 қаңтарда күшіне енеді. Олардың арасында Салық кодексі, Әлеуметтік кодекс, Конституциялық сот, базалық көрсеткіштер, банкроттық сынды маңызды тақырыптар қамтылған. Осы орайда заңнамада болатын басты өзгерістерге шолу жасасақ,

2023 жылғы айлық есептік көрсеткіш пен ең төменгі жалақы мөлшері

Жыл басында «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң өз жұмысын бастайды. Бұл құжатта бала күтімі бойынша жәрдемақы төлеу мерзімін 1,5 жасқа дейін ұлғайту, базалық зейнетақы мөлшерін кезең-кезеңімен көтеру, ынтымақты зейнетақы мөлшерін есептеу кезінде табыстың ең жоғары шектелуін 46-дан 55 АЕК-ге дейін арттыру, сақтандырылған адамдар үшін жұмысынан айырылу бойынша әлеуметтік төлемдер мөлшерін орташа айлық табыстың 45%-на дейін өсіру бойынша түзетулер қамтылған. Осылайша, 2023 жылға ең төменгі жалақы мөлшері (ЕТЖ) – 70 мың теңге; айлық есептік көрсеткіші (АЕК) – 3 450 теңге болып бекітілді. Сонымен бірге, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері 21 907 теңге, ал зейнетақының ең төменгі мөлшері – 53 076 теңге болып жазылған. Базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс көлемі 40 567 теңге мөлшерінде айқындалған.

Конституциялық сот 1 қаңтарда іске қосылады

Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2022 жылғы маусымда өткен республикалық референдум қорытындысы бойынша бірқатар маңызды заңдарға қол қойған болатын. Атап айтқанда, конституциялық реформа аясында 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап елімізде Конституциялық Сот жұмыс істейді. Енді қазақстандықтар Конституциялық сотқа тікелей жүгініп, өзінің конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғай алады. Бұл ретте азаматтармен бірдей құқық бас прокурорға және адам құқықтары жөніндегі уәкілге беріледі. Бас прокурордың құқық қорғау функциясы күшейтілді. Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін бұл субъектілердің Конституциялық Кеңеске жүгінуге құқығы жоқ

екенін атап өтті. Сонымен бірге, Конституциялық Сотта өтініштерді қарау рәсімі жалпы соттардағы іс жүргізу тәртібінен түбегейлі ерекшеленеді.

Конституциялық Соттың өтініштерді қарау тәртібі жалпы алғанда бес кезеңнен тұрады. Біріншіден, Конституциялық Сот Аппаратының өтініштерді алдын ала қарауы ескерілген. Екіншіден, конституциялық іс жүргізуге өтінішті қабылдау жүргізіледі. Үшіншіден, Конституциялық Сот отырысында өтінішті қарау үшін материалдар дайындалады. Төртіншіден, өтінішті қарау бойынша отырыс өткізіледі. Ал соңғы кезеңде өтініш бойынша түпкілікті шешім қабылданады.

Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы Заң күшіне енеді

12 желтоқсан күні Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев проблемалық несиелер жарты триллион теңгеге жеткенін, миллионнан астам адам берешегін төлей алмай отырғанын баса айтты. Олардың көбі үмітсіздіктен ескі несиені өтеу үшін жанысын алуға мәжбүр. Сондықтан, Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап «Жеке тұлғалардың оңалту және олардың банкроттығы туралы» Заң іске қосылуға тиістігін айтты. Қазір аталған заң жобасы Парламентте талқыланып жатыр. Оған сәйкес, Қазақстанда жеке тұлғалардың банкроттық рәсімдерін үш түрі қолданылады: соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілетін қалпына келтіру рәсімі.

«Банкрот» деп жарияланған соң азаматтар:

- 5 жыл бойы қарыздар мен несиелер ала алмайды;
- банкроттықты 7 жылдан кейін ғана қайта қолдана алады.

Сондай-ақ банкроттықтан кейінгі 3 жылда банкроттың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу көзделген. 2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер, микроқаржы ұйымдары мен коллекторлық агенттіктер алдында 7,8 млн адам 14,3 трлн теңгеден астам сомаға қарыз болған. Одан бөлек, Үкімет пен Парламентте жеке адамдарды банкрот деп жариялау кезінде жалғыз баспананы қалдыру мәселесі тағы талқыланады.

Салық кодексіне қандай түзетулер бар?

Бұған дейін Парламентте «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексінің (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы қабылданған еді. Мұнда айтарлықтай маңызды өзгерістер қамтылған. Мәселен, 2023 жылдан бастап кейбір қызмет түрлеріне бірыңғай жиынтық төлемді (БЖТ) қолдануға рұқсат етілмейді.

Ұлттық экономика министрлігі Президент тапсырмасына сәйкес, жиынтық жүктемені азайтып, микро және шағын бизнес үшін еңбекке тәуел қорынан бірыңғай төлем енгізу жоспарланып отырғанын айтты. Қазіргі уақытта жалақы қорынан әртүрлі мөлшерлемемен, есептеу базаларымен бірнеше төлемдер жасалады. Бұл төлемдердің бәрін бір төлемге біріктіруге ұсынылды. Жеке табыс салығы есебінен де жүктемені азайту көзделді, өйткені әлеуметтік төлемдердің мөлшері қызметкерлердің келешектегі жалақысына әсер етеді.

2023 жылдан бастап Қазақстанда темекі өнімдеріне акциздер мөлшерлемесін кезең-кезеңімен арттыру басталады. Бұл үшін Салық кодексінің 463-бабы 4-тармағы 1) тармақшасының 14, 15, 16, 18, 21 және 22-жолдары өзгертілген.

Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап зергерлік бұйымдарды өндірушілер қосымша құн салығынан (ҚҚС) босатылады. Бұл құжатқа сәйкес, балық аулау кәсіпорындарына да балықты өңдеу кезінде ҚҚС-ты 70%-ға төмендету бойынша норма ұсынылған. Қазір мұндай жеңілдікті балық өсіретін шаруашылықтар қолданып отыр. Қант өндірісін ынталандыру үшін құрақ қант шикізатының импортын ҚҚС-тан босату, қант өндірушілерге ҚҚС жеңілдіктерін қолданылу мерзімін ұзарту ұсынылады.

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап цифрлық майнинг төлемінің ставкалары өзгереді. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда цифрлық майнинг үшін төлемдер мөлшерлемесінің прогрессивті шкаласы қолданылады. Арзан электр энергиясын пайдалану кезінде жоғарғы шкаласы 25 теңгеге жететін жоғары төлем ставкасы қолданылатын болады. Қуны 1 киловатт-сағат үшін 24 теңгеден және одан қымбат электр энергиясын пайдаланған жағдайда 1 теңге мөлшерінде ең төменгі төлемдер мөлшерлемесі қолданылмайды.

Бұл тәсілдің негізіне Дүние-жүзілік Банктің егжей-тегжейлі маршруттық карталарды енгізу туралы ұсыныстары алынды («көп қырлы сыбайлас жемқорлық экономика және мемлекеттік басқару секторлары деңгейіндегі осал жерлерді анықтау» кітабы). Картограммалар әлеуметтанушылық зерттеулерді қоса алғанда, дәйекті деректер негізінде ел бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің толық көрінісін жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, Тұжырымдамалар

2023 жылы шілде айында Әлеуметтік кодекс қабылданады

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі қазақстандықтарды әлеуметтік қолдауды жақсартуға бағытталған Әлеуметтік кодекс жобасын әзірледі. Бұл кодекс әлеуметтік сынақтар туындаған кезде мемлекет тарапынан көмекті қамтамасыз етеді, азаматтарға өмір бойы қолдау көрсетеді.

Әлеуметтік кодекс жобасында отбасының Цифрлық картасы арқылы әлеуметтік-мемлекеттік кепілдіктер проактивті форматта беріледі, осы арқылы отбасылардың әлеуметтік сын-кәтерінің алдын алу жүйесін қалыптастыру көзделген.

Жұмыспен қамту саласында да еңбек күшінің кәсіби дағдыларын күшейтуді, икемді жұмыспен қамтудың барлық түрлерін зерттеуді, технологиялар мен білім трансферті үшін білікті кадрларды тартуды, ішкі көші-қонды реттеуді, жұмыспен қамту орталықтарын мансаптық орталықтарға айналдыруды және қызметтерді ауқымды цифрландыруды көздейтін жаңа саясат құрылуы.

Осы құжат шеңберінде бюджеттен төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін ұлғайту, мемлекеттік, жұмыс берушінің және қызметкердің қатысуымен көпдеңгейлі зейнетақы жүйесін құру арқылы азаматтарды зейнетақымен қамту жетілдіріліп келеді.

Әлеуметтік кодекс жобасында балалы отбасыларға мемлекеттік қолдауды кеңейту көзделді. Президент тапсырмасымен отбасыларға Ұлттық қордың инвестициялық табысының 50%-ын бөлу жолымен 18 жасқа дейінгі балалар үшін бастапқы капитал жинау түрінде қосымша қолдау енгізілуде. Бала күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала күтімі бойынша жәрдемақы және әлеуметтік төлем төлеу мерзімдері бір жарым жылға дейін ұлғайтылады.

Әлеуметтік әділет орнату үшін наградталған аналарға берілетін жәрдемақының мөлшері сараланады. Мәселен, «Алтын алқа» алған немесе бұрын «Атыр Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана данқы» ордендерімен наградталған аналарға жәрдемақы 6,4 АЕК-тен 7,4 АЕК-ке дейін ұлғайтылады. Сонымен қатар, 2023 жылдан бастап атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін кедейлік шегі ең төменгі төлемдер деңгейінің орнына орташа табыспен анықталады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ САЯСАТТЫҢ 2022-2026 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 2 ақпандағы Жарлығымен Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы және оны іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары бекітілді. Осы актімен Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы күшін жойды.

Жаңа стратегиялық құжат салдарлармен күрестен гөрі сыбайлас жемқорлықтың алғышарттарын жүйелі жоюға, жауапкершіліктің бұлтартпастығын қамтамасыз етуге, қоғамдық сананы түбегейлі өзгертуге көшуге бағытталған.

Оны дайындау кезінде азаматтардың пікірмен қатар алдыңғы қатарлы шетелдік тәжірибе, халықаралық стандарттар және өзіндік практика ескерілді. Негізгі бастамалар арасында негізсіз баю үшін жауапкершілікті енгізу, қаржылық тергеу институтын (follow the money) енгізу, пара уәдесін ұсынысын қылмыстандыру, парасаттылыққа тексеруді енгізу тәрізін пысықтау (integrity check),

бюджет процесінің, сатып алудың ашықтығын арттыру, мемлекеттің экономикаға қатысуын қысқарту жөніндегі жүйелі шаралар, сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың ұлттық индексін қалыптастыру, Еуропа Кеңесінің (сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық жауапкершілік туралы) және ЭЫДҰ (халықаралық коммерциялық мәмілелерді жүзеге асыру кезінде шетелдік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға қарсы күрес жөніндегі) конвенцияларына қосылу бар.

Қоғамдық қатынастардың барлық саласында сыбайлас жемқорлық деңгейін тиімді төмендету мақсатында, құжатта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-

қимылдың барлық субъектісіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін дербес сәйкестендіруге және жоюға мүмкіндік беретін жүйені қалыптастыруға назар аударылған. Бұған сыбайлас жемқорлықтың ықпал осалдығы туралы сигнал беретін индикаторлары бар салалық картограммаларды әзірлеу және енгізу ықпал ететін болады. Тәуекелдердің мұндай бейіндері сыбайлас жемқорлықтың жалпы көрінісін нәтижесіз талқылаудан алып, азаматтар үшін барынша сезімтал салалардағы нақты алын алу шаралары үшін негіз болады.

Бұл тәсілдің негізіне Дүние-жүзілік Банктің егжей-тегжейлі маршруттық карталарды енгізу туралы ұсыныстары алынды («көп қырлы сыбайлас жемқорлық экономика және мемлекеттік басқару секторлары деңгейіндегі осал жерлерді анықтау» кітабы). Картограммалар әлеуметтанушылық зерттеулерді қоса алғанда, дәйекті деректер негізінде ел бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің толық көрінісін жасауға мүмкіндік береді. Бұл ретте, Тұжырымдамалар

азаматтар мен кәсіпкерлердің пікірін ешқандай сыбайлас жемқорлықты түйсінудің Ұлттық индексі шеңберінде барлық өңірде жүзеге асыру жоспарланып отыр. Азаматтар қандай салада немесе органда сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі байқалатынын және тиісінше оны жою үшін күштер мен құралдар нақты қайда бағытталатынын өздері айқындайтын болады. Тұжырымдаманың қоғамдық мониторингті мемлекеттік органдардың жобалық кенеселері, қоғамдық кеңестер және басқа да тәуелсіз алаңдар арқылы жүзеге асырылатын болады.

Тұжырымдамалар көзделген шараларды іске асыру сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша азайтуға және елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

Б.Ө.СТАМҚҰЛОВ,
ҚР ТЖМ Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті бастышының орынбасары

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Бас редактор
Сыдықова
Жанар
ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36/VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сана менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Қызылорда қаласы,
Байтұрсынов
көшесі 46/36
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 5920 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №4

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/